

**АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА**

**Ақпараттық кітапхана орталығы
Библиотечно- информационный центр**

Ақпараттық технологиялар бөлімі
Отдел информационных технологий

Өнегелі өмір иесі

**Ф.ғ.д., профессор Б.Қ.Қалиевтің 80 жылдық мерейтойына арналған
ғылыми еңбектерінің жиынтығы**
(Библиографиялық сілтеме)

**Сборник научных трудов д.ф.н., профессора Б.К.Калиева
посвященный 80-летию**
(Библиографический указатель)

Алматы 2019

Бас редактор: филология ғылымдарының докторы, профессор,
ХҒА ЖМ академигі,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі
Кунанбаева С.С.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Қазақ
филологиясы кафедрасының меңгерушісі
Исхан Б.Ж.

Құрастырушы: Е. В. Брянцева
Ф.М. Нуркешова
А.О. Карибжанова

Өнегелі өмір иесі ф.ғ.д., профессор Б.Қ.Қалиевтің 80 жылдық мерейтойына арналған ғылыми еңбектерінің жиынтығы: библи. сілтеме / Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Ақпараттық кітапхана орталығы.- Алматы, 2019. - **с.**

Библиографиялық сілтемеде ф.ғ.д., профессор Б.Қ.Қалиевтің ғылыми еңбектерінің жиынтығы, құрмет марапаттары және профессордың биографиясын қамтиды.

Көрсеткіште профессордың еңбектері хронологиялық көрсеткіш түрі бойынша орналасқан.

Мазмұны

Өнегелі өмір иесі	
Байынқол Қалиұлы Қалиевтың өмірбаяны мен ғылыми және педагогикалық қызметі.....	
Байынқол Қалиев еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	
Байынқол Қалиұлының басты ғылыми еңбектері.....	
Б. Қалиұлының марапаттары, сертификаттары және алғыс хаттары.....	
Фото галерея.....	

Өнегелі өмір иесі

Исхан Б.Ж., ф.ғ.к., доцент.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӨТУ Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі

Қазақ тіл білімінің қалыптасып дамуында өзіндік қолтаңбасы бар ғалымдарымыздың бірі – ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Жоғары мектебі ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиұлы Қалиев десек, артық айтқандық емес. Ол – қазақ тілі лексикологиясы, лексикографиясы, терминологиясы, фонетикасы бойынша айтарлықтай үлкен еңбек жазған танымал ғалым. Ол – қазақ тіл білімінің аталған салалары бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізіп, құнды монографиялар жазумен қатар жоғары оқу орнының ұстазы бола жүріп, оқытушылар мен студенттерге арналып жазылған бірнеше оқулық, оқу құралдарының да авторы.

Б.Қ. Қалиев 1939 жылы 23 қаңтарда Алматы облысы Райымбек ауданындағы Саты ауылында дүниеге келген. Ол 1958 жылы Жалаңаш қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1963 жылы бітіреді. Сол жылы аспирантураға қалдырылады.

1967 жылы Б.Қалиұлы академик І.Кеңесбаевтің жетекшілігімен «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қысаң дауысты дыбыстардың редукциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды да, ҚазССР ҒА Тіл білімі институтының Түсіндірме сөздік бөліміне ғылыми қызметкер болып орналасады. Содан бастап ол аталған институтта кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып, табан аудармастан 29 жыл еңбек етеді.

Б. Қалиұлы тек ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ғана шұғылданып қойған жоқ, ол сонымен бірге, 1991 жылдан бастап қоғамдық және ғылыми-педагогтік қызметтермен де айналысып келеді. ҚазССР ҒА-ның Тіл білімі институтында Терминология бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, ол қосымша қызмет ретінде Республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында алғаш аға оқытушы (1991-1992), кейіннен «Қазақ және орыс тілдерін оқыту методикасы кафедрасының» меңгерушісі (1992-1995) болып істеді.

1995 жылы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне ауысып, алдымен Қазақ және шығыс тілдері кафедрасының, кейіннен Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеді. Бұл қызметті 7 жыл атқарып, 2002 жылдан аталған университетте қазірге дейін профессорлық қызмет атқарып келеді.

Б. Қалиұлы кеңестік кезеңдерде де, тәуелсіздік жылдарында да халықаралық, бүкілодақтық, аймақтық, республикалық, вузаралық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар мен съездерге, семинарларға сан рет қатысып, оларда қазақ тіл білімі бойынша баяндамалар жасады. Жарыс сөздерге шығып, көтерілген мәселелерге өз ой-пікірлерін қосып, идеяларымен бөлісіп отырады.

Ғалымның ғылыми-зерттеу тақырыптарының ауқымы өте кең. Оның басты еңбектері қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, терминология, терминжасам, семасиология, фразология, лексикогрфия, орфография, тіл теориясы, тіл мәдениеті, этнолингвистика салаларына арналған.

Байынқол Қалиұлы – саналы ғұмырын тынымсыз еңбектенумен өткізіп келе жатқан еңбекқор ғалым. Ол өзінің 80 жыл өмірінің 55 жылын табан аудармай тек қана ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-де ғылыми ізденістермен, ғылыми-ұйымдастыру және педагогтік, қоғамдық жұмыстармен айналысты. 55 жыл бойы тынбай еткен еңбетің нәтижесінде ол 475-тен аса ғылыми еңбек жазып жариялады.

Осы уақыт аралығында қазақ және жалпы тіл біліміне қатысты 11 монография, 6 оқулық, 25 сөздік, 18 кітапша, 5 мақалалар жинағын, 364-тен астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалар, сондай-ақ, көмекші құралдар, әдістемелік нұсқаулар, бақылау-жаттығу жұмыстары, типтік бағдарламалар, тест жинақтарын және тіл білімінен тыс басқа да толып жатқан еңбектер жазып, жалпы көлемі 1078,5 баспа табақтай еңбек жариялады. Оның ішінде 1 монография, 2 кітапша және 15 ғылыми мақала орыс тілінде жарық көрген.

ҚазССР ҒА Тіл білімі институтының Түсіндірме сөздік бөлімінде қызмет ете жүріп, Байынқол Қалиұлы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген тақырыпта жоспардан тыс зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Көп жылдық еңбектің нәтижесінде осы тақырып бойынша 24 ғылыми мақала жазып бастырады. Сол мақалаларды жинақтау, қорыту арқылы Б. Қалиұлы 1988 жылы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты монографиясын (А., «Ғылым» баспасы, 10 б/т) дүниеге келтірді. Бұл жұмысын әрі қарай жалғастырып, оны толықтырып, орыс тіліне аударып, 1991 жылы «Названия растений в казакском языке» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Жоғарыда көрсетілген монографиялардан басқа Б.Қалиұлы соңғы жылдары қазақ тіл білімі мен жалпы тіл білімін бір-бірімен ұштастыра зерттеп, «Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі» (2008, 8 б/т), «Танымдық қазақ тілі» (С.Исақовмен бірге. 2009, 10 б/т), «Қазақ тіліндегі тілдік перифраздар» (2011, 9 б/т), «Түсіндірме сөздік жасаудың теориясы мен практикасы» (2015, 13,5 б/т) деген еңбектерді дүниеге келтірді.

Б.Қалиұлы сөздіктердің бірнеше түрін жасаған адам. Олардың бәріне жеке-жеке тоқталып жату, әрине, мүмкін емес. Олардың ішінен тек үш-төртеуін ғана атап айтсақ, олар мыналар: он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (15 томдыққа қосымша), «Мұқағали тілі сөздігі».

Әрине, Б.Қалиұлының ғылымға қосқан үлесі оның тек ғылыми еңбектерімен, оқыған дәрістерімен ғана бағаланбайды, даярлаған шәкірттерімен де өлшенеді. Байынқол Қалиұлы – 2 докторлық, 23 кандидаттық диссертацияларға жетекшілік еткен ұстаз-ғалым.

Ғалымның қазақ тіл біліміне сіңірген еңбегі еленбей қалған жоқ. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін жасағаны үшін және сол сөздіктің жауапты редакторы болғаны үшін оған «ҚР Мемлекеттік сыйлығының

лауреаты» деген атақ (1988) берілді, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалымен марапатталды (1986). Оқу-ағарту саласындағы еңбегі үшін «ҚР білім беру ісінің үздігі» (1998) деген құрметті белгі мен Білім берудегі ерен еңбегі үшін «Ыбырай Алтынсарин» атындағы (2017 ж.) төс белгісіне ие болды. ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Ұлттық Ғылым академиясы Президиумы тарапынан Б. Қалиұлы бірнеше рет Мақтау грамоталарымен марапатталған.

Ел президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2017 жылдың 26 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық еңбегінің «Таяу жылдардағы міндеттер» деген тарауында: «... ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн»,— деп ұлты үшін ерен еңбек еткен танымал тұлғалардың кең насихатталуы керек екенін атап айтты. Ал Байынқол Қалиұлы – өзінің ерен еңбегімен халқының қалаулы тұлғаларының бірі болуға әбден лайық жан. Оған оның саналы ғұмырының барлығын қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерін зерттеуге арнағаны дәлел.

Профессор Б. Қалиұлы мол ізденістің, ерінбей еңбектенудің нәтижесінде қазақ тіл білімінің түрлі саласы бойынша көлемді зерттеулер берді. Бұл ретте Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 1966-86 жылдар аралығында өзге ғалымдармен бірлесіп жазған «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін» ерекше бөліп айтар едік.

Бұл сөздік жалпы түркітілдес халықтардың тілі бойынша алғаш жарық көрген еңбек ретінде де бағалы. Алғаш рет қазақ тілінің сөз байлығы жинақталып, әр сөздің ерекшелігі, лексикалық мағынасы түсіндіріліп, екінші жағынан, олардың әдебиет тілдегі қолданысы, қызметі (функциясы), өзіндік айырмашылығы нақтыланып, ажыратылады. Сөздікте әр сөздің сипаттамасы жазылып, лексика-фразеологиялық және грамматикалық қолданысына түрлі жазба әдебиеттерден нақты мысалдар келтірілді.

Байынқол Қалиұлы осы еңбегі арқылы қалың қауымға сол жылдан бастап, тіпті одан да бұрынырақ жақсы таныс бола бастады. Өйткені ол аталған сөздікті дайындау барысында қазақ тіл білімінде сөздік құрастыру ғылымының теориясының негізін қалаушылардың және оның ғылыми мектебін ұйымдастырушылардың бірі болды. Оның 2015 жылы жарық көрген «Түсіндірме сөздік жасаудың теориясы мен практикасы» атты монографиясы сол еңбегінің жемісі екені анық. Ғылыми-теориялық бұл еңбек отандық тіл білімі, яғни қазақ лексикографиясы тұрмақ, тіпті шетелдік түркологияда да елеулі жаңалық болып, қазіргі қазақ лексикографиясы бойынша ізденістерден берік орын алды.

Байынқол Қалиұлы өзінің алғашқы ғылыми мақалаларында қалың жұртшылыққа, әсіресе, тілші ғалымдарға аса қажетті мәселелерді көтерді. Қазіргі жазып жүрген ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалаларының мазмұнын да тіліміздің көкейкесті мәселелері құрайды. Оның ондай мақалалары «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Түркістан» сияқты т.б. республикалық мерзімді баспасөз беттерінде, ғылыми басылымдарда үздіксіз жарияланып келеді.

Ғалым-ұстаздың есімі бүгінде еліміздің филолог ғалымдарына ғана емес, өзге елдердің де түркітанушы ғалымдарына кең таныс. Ғалымның өз еңбектерінің көбісін ана тілі мәселелеріне арнауы заңды да табиғи құбылыс еді. Өйткені ол – сәби шағынан бастап қазақ сөзінің мәйегіне қанып өсті, ержетіп, ғылым жолына түскен соң І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов сияқты т.б. қазақ тіл білімінің танымал тұлғаларының жанында жүріп тағылымды тәрбие алған жандардың бірі болды.

Тіл мәселесі – тек тіл мамандарының ғана емес, бүкіл мәдени қауымның назарын аударатын дүние. Сондықтан да Б.Қалиұлы өз әріптестерімен бірге оның күрделі мәселелерін шешуге белсене араласты. Оның қазіргі ҚР ҰҒА-ның ғылыми журналдарында кезінде жарияланған көкейкесті мақалаларының мәні зор болды. Сол жылдары Б.Қалиұлының назарынан жалпы тіл мәдениетіне қатысты өзекті мәселелер тыс қалып көрген емес.

Байынқол Қалиұлы қазақ тіл білімінің бірнеше саласын қатар ала жүріп, ұлағатты ұстаз ретінде де өз бойындағы терең білімін шәкірттерінің бойына сіңіруде қазақ тілі білімінің, тіпті жалпы тіл білімінің толғақты мәселелерін үнемі қозғаумен келеді. Дәрісханада оқыған дәрістерінде осы пәннің қыр-сырын өзінің теориялық терең білімімен іс жүзінде нақты бекітіп (оқулық-оқу құралдарын жазып) отыратыны соның дәлелі болса керек.

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-де оқыған дәрістері бойынша дайындалған «Қазақ тілінің фонетикасы» (2011), «Қазақ тілінің лексикологиясы» (2011), «Сөз мағыналарының негіздері» (2002), «Тіл біліміне кіріспе» (1997), «Жалпы тіл білімі» (1999, 2005), «Тіл білімі теориясының негіздері» (2014) деген еңбектері соның нақты дәлелі болса, олар бұл күнде еліміздің филология факультеттері оқытушылары мен студенттерінің негізгі оқулық-оқу құралдарының біріне айналып отыр.

Ғалым-ұстазға ғана тән жағымды мінез-құлық Байынқол Қалиұлының бойынан, әрбір сөзі мен әрекетінен айқын байқалып тұрады. Әсіресе, Абылай хан атындағы Қазақ ХҚжӘТУ-де 1995 жылдан бастап 2002 жылға дейін Қазақ және шығыс тілдері (қазіргі – Қазақ филологиясы) кафедрасын басқарып отырған кезде оның кісілік келбеті, кәсіби іскерлігі ерекше көзге түсті. Сол жылдары кафедра ұжымының бір-бірлерімен қарым-қатынасын, ондағы пәндердің оқытылуын ғана дұрыс жолға қойып қоймай, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстардың да сапасын айтарлықтай артырып отырды.

Бүгінгі уақытта Б.Қалиұлы сол туа біткен табиғи бітім-болмысынан таймай еңбек етіп, ұшан-теңіз ғылыми-ұстаздық білімін одан әрі дамытып, университетте «Қазіргі қазақ тілінің» негізгі деңгейлері (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис), «Жалпы тіл біліміне кіріспе», «Тіл білімі теориясының негіздері», «Тіл білімі ілімінің тарихы» сияқты т.б. курстар бойынша студенттерге дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргізіп, жас ұрпақтың білімді де білікті әрі әлемдік бәсекеге қабілетті маман болып шығуларына өзіндік үлесін аянбай қосып жүр.

Қорыта айтқанда, профессор Байынқол Қалиұлы Қалиевтің ғылыми шығармашылығы мен ұлағатты ұстаздық жолы, адамгершілік қасиеті мен кісілік келбеті көпке өнеге деп айтуға толық негіз бар.

Байынқол Қалиұлы Қалиевтың өмірбаяны мен ғылыми және педагогикалық қызметі

Филология ғылымдарының докторы, профессор, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің құрметті профессоры, белгілі тілші ғалым, қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі – Байынқол Қалиұлы Қалиев 1939 жылы қаңтар айының 23 күні Алматы облысының бұрынғы Кеген, қазіргі Райымбек ауданындағы Саты ауылында дүниеге келген. Оның әкесі – Қали, шешесі – Нұрсұлу. Екеуі де қарапайым колхозшы.

Байынқол Қалиұлы 1955 ж. Саты ауылындағы Құрметі жеті жылдық мектебін, 1958 жылы Жалаңаш қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің) филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1963 ж. бітіреді. Сол жылы университет ғылыми кеңесінің шешімімен ол аспирантураға қалдырылады.

Б.Қалиұлы академик І.Кеңесбаевтің жетекшілігімен диссертациясын уақтысында бітіріп, 1967 жылы «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қысаң дауысты дыбыстардың редукциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды да, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының Түсіндірме сөздік бөліміне ғылыми қызметкер болып орналасады. Содан бастап ол Қазақ ССР Ғылым академиясы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында кіші ғылыми қызметкер (1967-1970), аға ғылыми қызметкер (1970-1986), жетекші ғылыми қызметкер (1986-1991), бөлім меңгерушісі (1991-1995) болып, табан аудармастан 29 жыл еңбек етеді. 1991 ж. Байынқол Қалиұлы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Б. Қалиұлы тек ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ғана шұғылданып қойған жоқ, ол сонымен бірге, 1991 жылдан бастап қоғамдық және ғылыми-педагогтік қызметтермен де айналысып келеді. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында Терминология бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, ол қосымша қызмет ретінде Республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында алғаш аға оқытушы (1991-1992), кейіннен «Қазақ және орыс тілдерін оқыту методикасы кафедрасының» меңгерушісі (1992-1995) болып та істеді.

1995 жылы Алматыдағы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне ауысып, алдымен қазақ және шығыс тілдері кафедрасының, кейіннен қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеді. Бұл қызметті ол қатарынан 7 жыл атқарып, 2002 ж. оны өткізіп берді де, аталған университетте қазірге дейін профессорлық қызмет атқарып келеді.

Ол студенттерге «Қазіргі қазақ тілі», «Филология мамандығына кіріспе», «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Тіл білімі теориясының негіздері», «Тіл білімінің жаңа бағыттары» пәндерінен және «Көркем

мәтінді лингвистикалық талдау», «Қазақ тіліндегі фонетикалық заңдар мен фонетикалық құбылыстар», «Терминтаным», «Сөздіктермен жұмыс істей білу» деген тақырыптарда бірнеше арнаулы курстардан дәріс оқыды. Курстық, дипломдық, магистрлік, кандидаттық, докторлық жұмыстарға жетекшілік жасап, жастарды ғылымға баулу ісіне белсене ат салысты. Магистранттар мен аспиранттарға, ізденушілерге «Түркітануға кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Тілдер тоғысының тарихы», «Ғылыми-зерттеу тәжірибелері» пәндерінен және тіл білімінің басқа да теориялық мәселелері бойынша лекция оқыды.

Б. Қалиұлы кеңестік кезеңдерде де, тәуелсіздік жыдарында да Одақ, Республика көлемінде халықаралық, бүкілодақтық, аймақтық, республикалық, вузаралық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар мен съездерге, семинарларға сан рет қатысып, оларда қазақ тіл білімі бойынша баяндамалар жасады. Жарыс сөздерге шығып, көтерілген мәселелерге өз ойлары мен пікірлерін қосып, идеяларымен бөлісіп отырады.

Ғалымның ғылыми-зерттеу тақырыптарының ауқымы өте кең. Оның басты еңбектері қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, терминология, терминжасам, семасиология, фразология, лексикогрфия, орфография, тіл теориясы, тіл мәдениеті, этнолингвистика салаларына арналған.

Байынқол Қалиұлы – саналы ғұмырын тынымсыз еңбектенумен өткізіп келе жатқан бейнетқор ғалым. Ол өзінің 80 жыл өмірінің 55 жылын табан аудармай тек қана Қазақ ССР Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде ғылыми ізденістермен, ғылыми-ұйымдастыру және педагогтік, оқу-тәрбиелік, қоғамдық жұмыстармен айналысты. 55 жыл бойғы тынбай еткен еңбетің нәтижесінде ол 475-тен аса ғылыми еңбек жазып жариялапты.

Осы уақыт аралығында қазақ және жалпы тіл біліміне қатысты 11 монография, 6 оқулық, 25 сөздік, 18 кітапша, 5 мақалалар жинағын, 364-тен астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалар, сондай-ақ, көмекші құралдар, әдістемелік нұсқаулар, бақылау-жаттығу жұмыстары, типтік бағдарламалары, тест жинақтарын және тіл білімінен тыс басқа да толып жатқан еңбектер жазып, жалпы көлемі 1078,5 баспа табақтай еңбек жариялапты. Оның ішінде 1 монография, 2 кітапша және 15 ғылыми мақала орыс тілінде жарық көрген.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының Түсіндірме сөздік бөлімінде қызмет ете жүріп, Байынқол Қалиұлы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген тақырыпта жоспардан тыс зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Көп жылдық еңбектің нәтижесінде ізденуші осы тақырып бойынша 24 шақты ғылыми мақала жазып бастырады. Ол мақалаларды жинақтау, қорыту арқылы Б. Қалиұлы 1988 ж. «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты монографиясын (А., «Ғылым» баспасы, 10 б/т) дүниеге келтірді. Бұл аздық еткендей ғалым зерттеу жұмысын ары қарай жалғастырып, әрі оны толықтырып, орыс тіліне аударып, 1991 ж. «Названия

растений в казакском языке» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Жоғарыда көрсетілген монографиялардан басқа Б.Қалиұлы соңғы жылдары қазақ тіл білімі мен жалпы тіл білімін бір-бірімен ұштастыра зерттеп, «Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі» (2008, 8 б/т), «Танымдық қазақ тілі» (С.Исакоавмен бірге. 2009, 10 б/т), «Қазақ тіліндегі тілдік перифраздар» (2011, 9 б/т), «Түсіндірме сөздік жасаудың теориясы мен практикасы» (2015, 13,5 б/т) деген сияқты кітаптарды дүниеге келтірген.

Б.Қалиұлы сөздіктердің бірнеше түрін жасаған адам. Олардың бәріне жеке-жеке тоқталып жату, әрине, мүмкін емес. Сондықтан олардың ішінен тек үшеу-төртеуіне ғана, атап айтқанда, он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», көп жылдар бойы өзі жеке дара жасап жүрген «Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі», 15 томдық ҚӘТС-тен қалып қойған сөздер мен тұрақты сөз тіркестерінің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (15 томдыққа қосымша) деп аталатын сөздігі мен «Мұқағали тілі сөздігі» атты еңбектеріне ғана аздап тоқталалық.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі – ұжымдық еңбек. Ол 10 том. Әр томы 70-75 баспа табақтан тұрады. Жалпы көлемі – 710 баспа табақ. Сөздік «Ғылым» баспасынан 1974-1986 жылдары жарық көрген. Бұл сөздікке Байынқол Қалиұлы әрі авторлардың бірі ретінде, әрі осы көлемді еңбектің жауапты редакторы ретінде қатысты. Ол – сөздіктің инструкциисынан бастап, оның жасалу ұстанымына (принциптеріне) дейін айқындасқан, оларды жүзеге асыруға белсене ат салысқан адам. Авторлардың бірі ретінде Б.Қалиұлының бір өзі 74 баспа табақ түсіндірме сөздік жасапты. Яғни ол – бүкіл сөздіктің 11 пайызын бір өзі істеді деген сөз. Ал жауапты редактор ретінде Б.Қалиұлы бүкіл 710 баспа табақ сөздіктің қолжазбасын түгелдей редакциялап шығып, оларды баспаға әзірледі; гранка, верскаларын оқып, оның барлық ауырпалықтарын мойнымен көтерді.

Б.Қалиұлының тағы бір басты еңбегі – «Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі» деп аталынады. Ол 2012 жылы «Сардар» баспасынан шыққан. Көлемі 504 бет (42,5 б/т). Таралымы 3 мың дана. Мұнда төлиенің 40-45 жыл бойы жиған 6 мыңнан астам қазақша өсімдік атаулары қамтылып, оларға толық, жан-жақты, әрі ғылыми сипаттамалар (анықтамалар) берілген, дереккөздерден мысалдар келтірілген. Оған қоса аталған өсімдік атаулары қай стилде қолданылатындығы мен олардың орысша баламалары да көрсетіліп отырады.

Б.Қалиұлының ең басты еңбектерінің бірі – 2014 жылы шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (15 томдыққа қосымша). Онда 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (2005-2011) жоқ сөздер мен сөз тіркестері қамтылған. Олардың жалпы саны: 10 мың 690 атау сөз бен 2 мың 645 тұрақты тіркес – барлығы 13 мың 335 тілдік бірлік. Бұл тілдік бірліктердің күллісін өзі іздеп тапқан, барлық мағыналарына автор тарапынан анықтамалар берілген, мысалдар келтірілген. Сөздіктің көлемі 726 бет (59,1 б/т). Таралымы 4 мың дана.

Ал ғалымның «Мұқағали тілі сөздігіне» келсек, ол баспадан 2018 жылы шықты. Көлемі 52 баспа табақтай. Мұнда ақиық ақын Мұқағали Мақатаев шығармаларында қанша сөз, қанша фразеологиялық тіркес бар болса, солардың барлығы түгел қамтылып, әрқайсысына түсініктеме беріледі де, әлгі тілдік бірліктердің ақын шығармаларында қанша рет қайталанып қолданылған саны көрсетіледі, мысалдар келтіріледі.

Б. Қалиұлы - тіл білімінің теориялық мәселелеріне де еркін барып, бұл салада да қомақты үлес қосып келе жатқан маман. Оған дәлел ретінде ғалымның жалпы тіл біліміне қатысты жазып бастырған оқулықтары мен оқу құралдарын, мақалаларын келтіруге болады. Бұлай деп отырған себебіміз: Ол - жоғарыда айтылған 3 оқулықтан («Қазақ тілінің фонетикасы», «Қазақ тілінің лексикологиясы», «Сөз мағыналарының негіздері») басқа тағы да 3 оқулықтың, атап айтқанда, «Тіл біліміне кіріспе» (1997) және «Жалпы тіл білімі» (1999), «Тіл білімі теориясының негіздері» (2014) оқулықтарының авторы.

Абылай хан атындағы университетте қызмет ете жүріп, Байынқол Қалиұлы республика көлеміндегі басқа да жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынаста, байланыста болды. Ол 1992 жылдан бастап республикалық, облыстық және қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында (1992-2007), жоғары оқу орындары ұстаздарының біліктілігін арттыру институтында (1994-1997), Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты (2002-2003) мен Алматы қаласындағы «Дарын» әлеуметтік-гуманитарлық институтында (2001-2006), Алматы тіл меңгерту және аударма институтында (1999-2000) лекция оқыды, сабақ берді.

Байекең аймақтық университет басшыларының шақыртуымен іссапармен барып, Бердак атындағы Қарақалпақ университетінде (1995), ҚР Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті (2001) мен Түркістан қаласындағы Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде (2004) «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері», «Қазақ терминологиясы», «Тіл білімінің көкейкесті мәселелері» деген тақырыптарда топтама дәрістер оқыды.

Әрине, Б.Қалиұлының ғылымға қосқан үлесі оның тек ғылыми еңбектерімен, оқыған дәрістерімен ғана бағаланбайды. Ол, сонымен бірге, ғалымның даярлаған шәкірттерімен де өлшенеді. Олай болатын себебі кім болса да шәкіртіне тақырып бергенде оны өзі жақсы білетін, зерттеп жүрген тіл білімінің салаларынан беретіндігі белгілі. Байекең де өз шәкіртеріне тақырыпты көбінесе лексикадан, лексикографиядан, сөзтанымнан, терминологиядан және этнолингвистикадан берді. Олар бұл тақырыптарды тереңдете зерттеп, ұстазының идеясы мен ой-пікірлерін, тұжырымдарын одан әрі жалғастырды. Біздің «идея жалғастығы», «ғылым дамуы» деп жүргендеріміздің сыры, міне, осында жатыр.

Байынқол Қалиұлы 10.02.02 – «қазақ тілі» және 10.02.30 – салыстырмалы-тарихи, типологиялық, салғастырмалы тіл білімі мамандықтары бойынша 2 докторлық, 23 кандидаттық диссертацияларға жетекшілік етіп, оларды қорғатып шығарды.

Рас, ғалымның қазақ тіл біліміне сіңірген еңбегі еленбей қалған жоқ. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін жасағаны үшін және сол сөздіктің жауапты редакторы болғаны үшін оған «ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» деген атақ (1988) берілді, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалымен марапатталды (1986). Оқу-ағарту саласындағы еңбегі үшін «ҚР білім беру ісінің үздігі» (1998) деген құрметті белгі мен Білім берудегі ерен еңбегі үшін «Ыбырай Алтынсарин» атындағы (2017 ж.) төс белгісіне ие болды. ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Ұлттық Ғылым академиясы Президиумы тарапынан Б. Қалиұлы бірнеше рет Мақтау грамоталарымен марапатталған.

Б. Қалиев еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші

1960

1.-Са/се тұлғалы етістіктердің мағынасы мен қызметі //Сборник научных студенческих работ. Вып.3. А., 1960. С.22-26.

1965

2. Әрқайсымыздың міндетіміз (Тіл мәдениеті жөнінде) // Лениншіл жас. 1965, 23 январь.

1966

3. Түркі тілдеріндегі қысаң дауыстылардың түсіп қалу құбылысы туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы 1966. №2. 67-74 б.

4. Түркі тілдеріндегі екпін категориясына байланысты фонетикалық құбылыстар // Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. 4-шығуы. А., 1966. 147-158 б.

5. Бірыңғай мүшелердің стильдік қызметі // Қазақстан мектебі. (К. Ахановпен бірге). 1966. №8. 71-75 б.

1967

6. Қарақалпақ тіліндегі дауысты дыбыс редукциясы туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1967. №1. 72-78 б.

7. К вопросу о длительности узких гласных звуков в каракалпакском языке (На основе экспериментальных данных) // Филологический сборник. Вып. 6-7. А., 1967. С.530-538.

8. Редукция узких гласных звуков в казакском и каракалпакском языках (Экспериментальное изучение). Автореф. дис...канд. филол. наук. А. 1967. 16 с. = 1 б.т.

1970

9. Өсімдік атауларын жинастыруға ат салыс // Лениншіл жас. 1970. 15 Сентябрь.

10. Казахские народные названия растений // Материалы второй научной конференции молодых ученых АН КазССР. А., «Наука», 1970. С.514-515.

1971

11. Өсімдіктердің бес түрлі белгісі // Қазақстан пионері. 1971. 5 июнь. = 0,35 б.т.

12. Кеңірек ойлап кеңессек (Ана тілімізді байыту жолдары туралы) // Лениншіл жас. 1971. 14 октябрь.

13. Өсімдік атауларына анықтама беру мәселесі // Қазақ ССР Ғылым академиясы Хабаршысы.1971. №10. 45-52 б.

14. Ценный научный труд (Рецензия на книгу Ж.А.Аралбаева «Вокализм казакского языка») // Қазақ ССР Ғылым академиясының

Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы (Ә.Жүнісбековпен бірге).1971. №47. 94-95 б.

1972

15. Сіз өсімдік аттарын жақсы білесіз бе? // Оңтүстік Қазақстан. 1972. 6 октябрь.

16. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің тізімі // Орфографиялық сөздіктің материалдары (И.Ұйықбаевпен бірге). А., «Ғылым», 1972. 1-90 б.

1973

17. Өсімдік атауларының түсіндірме сөздікте берілуі // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1973. №4. 61-67 б.

18. Рецензия на книгу А. Джунисбекова «Гласные казахского языка» (А. 1972) // Советская тюркология. 1973. №4. С.119-120.

1974

19. Сөздікті пайдаланушыларға жөнеу // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., 1974. 1-том. 23-30 б.

20. «Асыр» - «аяш» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Ғылым», 1974. 1-том. 402-564 б.

21. Тіл мәдениеттілігі // Мәдениет және тұрмыс. 1974. №5. 16 б.

22. Кері алфавитті сөздік жасаудың кейбір мәселелері // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1974. №6. 77-80 б. (Ә.Жүнісбековпен бірге).

23. Е, Ё, Ж дыбыстары (фонемалары) жайында сөздік мақалалар // Қазақ Совет Энциклопедиясы. А., 1974. 4-том. 71, 208, 209 бб.

24. Жиілік сөздік // ҚСЭ. А., 1974. 4-том. 450 б.

25. З, И дыбыстары жайында сөздік мақалалар // ҚСЭ, А., 1974. 4-том. 558, 620 бб.

26. Й, К дыбыстары жайында сөздік мақалалар // ҚСЭ. А., 1974. 5-том. 157, 161 бб.

27. Конвергенция // ҚСЭ. А., 1974. 5-том. 552 б.

1975

28. Көптік жалғау // ҚСЭ. А., 1975. 6-том. 41 б.

29. Көсемше // ҚСЭ. А., 1975. 6-том. 50 б.

30. Күрделі сөз // ҚСЭ., А., 1975. 6-том. 173 б.

31. «Қ» дыбысы жайында сөздік мақала // ҚСЭ., А., 1975. 6-том. 202 б.

1976

32. Кіріспе // Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы. А., «Ғылым», 1976. 1-5 б.

33. Түсіндірме сөздіктегі сөздердің грамматикалық, этимологиялық, стильдік сипаттамалары // Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы. А., «Ғылым», 1976. 25-33 б.

34. Редакторлар алқасынан // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., 1976. 2-том. 3-4 б.

35. «Бөген» - «бұлдырау» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Ғылым», 1976. 2-том. 394-526 б.

36. Өсімдік атаулары - лексикалық байлығымыздың бір саласы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл әдебиет сериясы. 1976, №4. 36-39 б.

37. Өңгіме арқауы - өзекті проблемалар (Бүкілодақтық тюркологиялық конференциясы жайында) // Жетісу. 1976. 28 сентябрь (Н.Уәлиевпен бірге).

38. Сөздерді саралай білейік // Өрелі өнер. А., «Ғылым», 1976. 114-117 б.

1978

39. Біріккен сөздердің жазылуы жайында //Сөз өнері. А., «Ғылым». 1978. 155-162 б.

40. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. 2-ші басылымы. А., «Ғылым». 1978. 480 б. (Басқалармен бірге).

41. «Е» - «емес» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Ғылым». 1978. 3-том. 248-344 б. =9,67б.т.

1979

42. Ы, І қысаң дауыстыларының емлесі жайында // Қазақ тілі фонетикасы мен фонологиясы мәселелері. А., «Ғылым», 1979. 131-137 б.

43. Редакторлар алқасынан // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., 1979, 4-том. 3-4 б.

44. «Кебе» - «кекілік» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А.,«Ғылым», 1979. 4-том.533-580 б. = 5,00 б.т.

1980

45. Сөз қолданысы мен мағынасына мән берсек // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1980, №8. 58-62 б.

46. «Қадім» - «қазысу» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А.,«Ғылым».1980, 5-том. 483-518 б. = 4,27 б.т.

47. Лексикографическая работа в Казахстане // Развитие казахского советского языкознания. А., «Наука». С.46-53. (В соавторстве с Т. Джанузаковым и Е.Н.Шиповой).

1981

48. Жазушының тілдің лексикалық байлығын пайдаланудағы кейбір ерекшеліктері // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл - әдебиет сериясы. 1981, №1. 41-44 б.

1982

49. Көшіріп басқанда өшіріп басқан («Жалын» редакциясына хат) // Қазақ әдебиеті. 1982, 5 февраль.

50. «Қуақы» - «құжырлану» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Ғылым», 1982. 6-том. 381-438 б. = 6,26 б.т.

51. Барды бағалап, байырғыны жаңғыртсақ (Ана тілі - асыл қазына) // Қазақстан әйелдері. 1982, №9. 14-15 б.т.

1983

52. Д.Досжанов шығамаларындағы диалектизмдер мен сөйлеу тілі элементтері жайында // Жазушы және сөз мәдениеті. А., «Ғылым», 1983. 107-121 б.

54. «Ө» - «өкпешілдік» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Ғылым», 1983. 7-том. 504-528 б. = 2,70 б.т.

1984

55. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. 1984, №2. 36-42 б.

56. Қазақ тілінің қазыналы сарайы // Лениншіл жас. 1984, 20 март.

57. Қазақ тілінің қоғамдық қызметі // Біздің Отан. 1984, №7 Апрель.

58. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редуциясы (Эксперименталды фонетикалық зерттеу). Монография. А., «Ғылым», 1984. 116 б. = 6,90 б.т.

1985

59. Сөздік сыры (Сөздіктермен жұмыс істей білесіз бе?) // Білім және еңбек. 1985, №6. 15 б.

60. Жаңа сөз жасау шарт емес (Сөйлеу мәдениеті жөнінде) // Мәдениет және тұрмыс. 1985, №12. 13 б.

61. «Сарғыш» - «сатысу» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Ғылым», 1985. 8-том. 175-206 б. = 3,57 б.т.

1986

62. Тағы да қазақ тілінің сөз екіні туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. 1986, №1. 3-8 б.

63. «Тәлім» - «текст» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Ғылым», 1986. 9-том. 63-100 б. = 4,17 б.т.

64. Өсімдік атауларына байланысты кейбір ерекшеліктер және олардың сөздіктердегі көрінісі // Қазақ терминологиясының мәселелері. А., «Ғылым», 1986. 106-115 б.

65. Он томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Біздің Отан. 1986, №3. Февраль.

66. «Шүйіл» - «шыдау» сөздері бойынша сөздік мақалалар // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А., «Ғылым», 1986. 10-том. 291-321 б. = 3,22 б.т.

1987

67. Қазақ тілінің картотекалық қоры және оны пайдалану // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1987, №9. 62-68 б.

68. Бір томдық қазақ тілі түсіндірме сөздігінің инструкциясы (Ә. Болғанбаев, Ә. Ибатовтармен бірге). А., 1987. 27 б.

69. Қысқаша орысша-қазақша сөздік (Басқалармен бірге). А., «ҚСЭ» баспасы. 1987. Б: 22-38 б; С: 363-398 б. = 3,64 б.т.

1988

70. Түсіндірме сөздікке түсініктеме // Қазақ әдебиеті, 1988. 25 ноябрь.

71. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. 3-інші басылымы (Басқалармен бірге). А., «Қазақстан» баспасы. 1988. 400 б. = 4,00 б.т.

72. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Монография. А., «Ғылым», 1988. 160 б. = 9,57 б.т.

1989

73. Алғы сөз // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. А., «Ғылым», 1989. 3-4 б.

74. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі туралы: мақсаты мен міндеттері // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. А., «Ғылым», 1989. 5-14 б.

75. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін статистикалық жағынан сипаттау // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. А., «Ғылым», 1989. 14-24 б.

76. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде қойылған стильдік белгілер жайында // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. А., «Ғылым», 1989. 143-175 б.

1990

77. Өсімдік атауларының құрамындағы жергілікті ерекшеліктер // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. А., «Ғылым», 1990. 141-153 б.

78. Оқулық тілінің теориялық және практикалық мәселелері // Қазақстандағы тіл саясаты және оны жүзеге асыру жолдары. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның тезистері. Екінші бөлім. А., 1990. 13-14 б.

79. «Қыша» емес, «қырыққабат» // Қазақ әдебиеті. 1990, 16 март.

80. Аударма оқулықтың олқылығы неде? // Социалистік Қазақстан. 1990, 22 мамыр.

81. Жетісу өңіріндегі өсімдіктер дүниесі // Ақиқат. 1990, №3. 1-15 қыркүйек.

82. Жетісу өңіріндегі өсімдіктер дүниесі (жалғасы) // Ақиқат. 1990, №4. Қазан.

83. Жоқ, бүлдіргеннің түрі аз // Алматы ақшамы. 1990, 8 қазан.

84. Өсімдік атауларының жасалу амалдары // «Республикамыздың сабақ орыс тілінде жүретін оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның тезистері. 1-бөлім. Қызылорда, 1990. 22-24 ноябрь. 33-34 б.

85. Теория семьи и её роль в определении и разграничении значения фитонимов // Языковая политика в Казахстане и пути её реализации. Тезисы республиканской научно-практической конференции. Часть вторая. А., 1990. С.193-194.

86. О фонетическом способе образования фитонимов в казахском языке // Тюркская фонетика – 90. I Всесоюзная конференция. Тезисы докладов. А., 1990, 26-28 ноября. С. 61-62.

87. Этимологический анализ некоторых фитонимов казахского языка // Проблемы этимологии тюркских языков А., «Наука», 1990. С. 342-348.

1991

88. Жетісу өңірінің өсімдіктер дүниесі // Ақиқат. 1991, №1. 1-15 қаңтар.

89. Жетісу өсімдіктері (жалғасы) // Ақиқат. 1991, №9-10. Мамыр.

90. Редукция // Казахская ССР. 4-х томная краткая энциклопедия. Т. 4. А., 1991. С. 463-464.

91. Названия растений в казахском языке. Автореф. докт. дисс. филол. наук. А., 1991. С. 48.

1992

92. Тіл байлығымыз - өшпес мұрамыз: термин және терминком жайында бірер ой // Жетісу. 1992, 17 наурыз.

93. Ұлы мұра ұғымды болсын десек (Абайдың туғанына 150 жыл толуы қарсаңында) // Ана тілі. 1992, 2 сәуір (Н.Құныпияұлымен бірге).

94. Терминологиялық сөздіктер жасаудың принциптері // Қазақ тілінің компьютерлік қоры. 1-шығуы. Салалық терминологиялық сөздіктер жасау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ғылыми-практикалық семинарға ұсынылған баяндамалардың тезистері. Алматы-Шымкент, 1992. 13-14 б.

95. Біздің де қосар пікіріміз бар // Халық кеңесі. 1992, 18 сәуір.

96. Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз // Ана тілі. 1992, 21 мамыр.

97. Салғырттық пен олақтықтың кесірінен // Қазақстан мектебі. 1992, №4. 29-31 б.

98. Өлең-сөздің патшасы - Абай шығармаларының тілі зерттелініп бітті ме? // Жетісу. 1992, 16 маусым (Ш.Құрманбаевпен бірге).

99. Қазынамыз қордалана түспек // Ана тілі. 1992, 25 маусым (Б.Әбдікәрімов, А.Құсайыновтармен бірге).

100. Қазақтың төл терминологиясы қашан жасалады? // Ана тілі. 1992, 17 қыркүйек.

101. Аты-жөнімізді қалай қазақшалаймыз? // Қазақ әдебиеті. 1992, 9 қазан.

102. Аты-жөніміздің қандай болғаны дұрыс? // Жетісу. 1992, 10 қазан.
103. Қарақалпақстандағы қазақ диаспорасының тіл ерекшелігі // Өркен. 1992, 24 қазан (Н. Құныпияұлымен бірге).
104. Күнделікті қажет құрал // Егемен Қазақстан. 1992, 28 қазан (Ш. Құрманбайұлымен бірге).
105. Қарақалпақстандағы қазақтардың тілі // Қазақстан мұғалімі. 1992, 4 желтоқсан (А.Белботаевпен бірге).
106. Тілдер туралы Заң және мұғалімдер білімін жетілдіру жүйесінде қазақ тілін оқыту // Орталық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының профессорлық-оқытушылық және әдіскерлік құрамының ІІ-ші ғылыми-әдістемелік мәслихатының тезистер. А., 1992 . 84-86 б.
107. Закон о языках и обучение казахскому языку в системе усовершенствования знаний учителей // Тезисы ІІ-ой научно-методической конференции профессорско-преподавательского и методического состава ЦИУУ «Научно-методическое обеспечение учебного процесса в системе повышения квалификации работников образования». А., 1992. С. 151-153.

1993

108. Тілі жоқ болса, халық та жоқ (Мемлекеттік тіл туралы) // Жетісу. 1993, 7 қаңтар.
109. Сұңқарға риза болдық (Ана тіліміз туралы) // Ана тілі. 1993, 7 қаңтар (Ә Жүнісбековпен бірге).
110. Конституциямыздың тілі // Алматы ақшамы. 1993, 4 наурыз.
111. «Жанұя» емес, «отбасы» // Ана тілі. 1993, 29 сәуір.
112. Қазақ тілі нормаланып біті ме? // Ана тілі. 1993, 22 шілде.
113. Қысқаша орысша-қазақша сөздік. 2-ші басылымы. А., «ҚСЭ» баспасы (Басқалармен бірге). 1993.
114. Алғы сөз // Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі. А., 1993. 3-9 б.
115. Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі. «Ана тілі» баспасы. 1993, 104 б.

1994

116. Үндестік заңы - ұлы заң // Ана тілі. 1994, 5 мамыр.
117. Қазақ әліпбиіне жаңаша көзқарас // «Мұғалімдер мамандығын көтеру жүйесін жетілдірудің келелі мәселелері мен жолдары» жөніндегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының тезистері. А., 1994. 24-27 май. 202-204 б.
118. Ойласақ қайтеді, ағайын?! // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994, №4. 3-10 б.
119. «Түркия» емес, «Түркія» // Егемен Қазақстан. 1994, 30 шілде. = 0,14 б.т.
120. Жат сөздер жағадан ала бермсің немесе халықаралық терминдер жөнінде // Ана тілі. 1994, 29 қыркүйек.

121. Бізге орысша оқу өтіп кеткен // Жетісу. 1994, 14 қазан.
122. Терминді тілге тиек етсек // Қазақ әдебиеті. 1994, 28 қазан.
123. Термин және тіл мәдениеті // Жас алаш. 1994, 1 қараша.
124. Ойды ой қозғайды // Егемен Қазақстан. 1994, 30 желтоқсан.
125. Сауат ашуды «сауаттандыру» қажет-ақ // Бастауыш мектеп. 1994, №4. 3-4 б. (К. Жүнісова, П. Жаманқұловалармен бірге).
126. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал). А., 1994. 20 б.

1995

127. Термин тағдыры да ойыншық емес // Ана тілі. 1995, 10 ақпан.
128. Халың қалай, қазақ орфографиясы? // Ана тілі. 1995, қыркүйек.
129. Жаңалығы көп ғылыми еңбек // Еркін Қарақалпақстан. 1995, 14 сентябрь.

1996

130. Тілдің лексика саласындағы жүйелілік мәселесі // Тіл білімінің өзекті мәселелері. А., 1996. 3-11 б.
131. Терминология және тіл мәдениеті // Тіл білімінің өзекті мәселелері. А., 1996. 12-20 б.
132. Орны бөлек оқу құралы // Жас алаш. 1996, 27 наурыз.
133. Тағы да ғылыми терминдерді аудару туралы // Егемен Қазақстан. 1996, 15 мамыр.
134. Алғы сөз // Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі. А., 1996. 3-5 б.
135. Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі (Ш.Күркебаевпен бірге). А., «Рауан», 1996. 32 б.
136. Лексико-семантическая и морфологическая структура названия растений в казахском языке. Монография. А., «Мектеп». 1996, 168 б.

1997

137. Қазақ лексикасындағы жүйелілік // ҚР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1997, №1. 3-7 б.
138. Етістік негізді омонимдердің он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» берілуі // Тіл тарихы және сөз табиғаты (Г. Ақылбековамен бірге). А., «Ғылым». А., 1997. 13-24 б.
139. Әмеди Хасеновтың туғанына 70 жыл. Кітапша. А., 1997. 12 б.
140. Қазақ тілінің көкейкесті мәселелері (Мақалалар жинағы). А., «Дайк-Пресс», 1997. 150 б.
141. Тіл біліміне кіріспе. Оқу құралы. А., «Мектеп». 1997, 98 б. = 6,20 б.т.

1998

142. Қазақ этнолингвистикасының қазіргі жайы // Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 1998. 3-10 б.

143. Тіл білімі терминдерінің тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін жасау принциптері // Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 1998. 11-22 б.
144. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл // Тіл әлемі. А., 1998. №6. Қаңтар. 1 б.
145. Қазақ сөзіне қауіп төніп тұр // Ана тілі. 1998, №18. 7 мамыр. 4 б.
146. Абай тілі сөздігі // Қазақ тілі. Энциклопедия. А., 1998. 9-10 б.
147. Қазақ тілі түсіндірме сөздігі // Қазақ тілі. Энциклопедия. А., 1998.
148. Лексикография // Қазақ тілі. Энциклопедия. А., 1998. 255-256 б.
149. Сөздік // Қазақ тілі. Энциклопедия. А., 1998. 354-355 б.
150. Әуезов әлемі // Тіл әлемі. А., 1998. №10. Қыркүйек.
151. Ұлттық терминдерге үлкен қамқорлық // Үкімет жаршысы (А.Құсайыновпен бірге). 1998, №8. 50-52 б.
152. Қазақ мемлекеттік әлем тілдер университетінің Қазақ филологиясы кафедрасы // Қазақ тілі. Энциклопедиясы. А., 1998. 222 б.

153. Газет - жан серігім // Жетісу. 1998, 13 маусым. 2 б.
154. Түлектер мектепке жанашыр болсын // Жетісу. 1998, 4 шілде. 2 б.
155. Қырғызстандық қазақтар // Жетісу. 1998, 24 қараша. 2 б.
156. Дословно // Караван. 1998, 4 желтоқсан. С.14

1999

157. Терминжасам туралы кейбір ойлар // Ана тілі. 1999, 22 қаңтар. 5 б.
158. Тағы да толғауы тоқсан қызыл тіл туралы ой // Егемен Қазақстан. 1999, 26 қаңтар. 4 б.
159. Қазақ тілі терминдері және оларға қойылатын талаптар // Қазақ тілі: фонетика, лексика, грамматика. А., 1999. 58-65 б.
160. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминдері // Ұлттық рухтың ұлы тіні. А., 1999. 409-416 б.
161. Қазақ терминдерінің жасалуы жайында // Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі. А., 1999. 227-233 б.
162. Орны бөлекше оқулық-сөздік // Ұлттық Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1999, №1. 84-86 б.
163. Жаңа типті «Қазақ тілі» оқулығы жайында (рецензия) // Қазақ тілі. Жоғары сынып оқушылары мен студенттерге арналған әмбебап анықтамалық. А., 1999, 126-127 б.
164. Тіл біліміне кіріспе. Сырттай оқитын студенттерге арналған бақылау-жаттығу жұмыстары. А., 1999. 18 б.
165. Қазақ тілінің сөздігі (Қ,М,Н әріптері). А., «Дайк-Пресс» 1999. 350-441, 446-482 бб. = 16,64 б.т.

166. Үлкен өмір ағымында // Жасай бер, мектебім. А., 1999. 74-77 б.

2000

167. Студенттерді тестімен оқыту // Қазақстан жоғарғы мектебі. 2000, №2. 27-31б.

168. Алғы сөз // Э.М.Сәмекбаева. «М.Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық компаративтер». А., 2000. 3-4 б.
169. Қазақ тілі бағдарламасы. Университеттердің орыс бөлімдеріне арналған (Н.Қ.Мұхамедиевамен бірге). А., 2000. 16 б. =1,00 б.т
170. Ахмеди Ысқақов туралы сыр // Тіл деңгейлері және олардың өзара қатынасы. А., 2000. 18-24 б.
171. Қазақ тілі терминдерінің қысқаша сөздігі А., 2000. 62 б. =5,40 б.т.
172. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Әдебиет және лингвистика. 27 том (Басқалармен бірге). А., «Рауан», 2000. = 12,68 б.т.
173. Жалпы тіл білімі. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. А., 2000. 118 б. = 8,00 б.т.
174. Особенности в номинации казахских названий растений // Известия национальной Академии наук Республики Казахстан. Серия филологическая. 2000, №4. С. 12-16.

175. Қызылбөрік Найманбайдың төрт арысы (Албанның бір бұтағы туралы шежіре). А., 2000. 66 б. = 4,20 б.т.

2001

176. Қазақ тілінің алға баспауы намыссыздықтан // Жетісу. 2001, 8 наурыз. 5 б.
177. Мемлекеттік тіл терминологиясы // Қазақ тілінде оқыту проблемалары. 1- бөлім. А., 2001. 35-38 б.
178. Дауыссыз дыбыстар // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 3 том. 2001. 157-158 б.
179. Дыбыс // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 3 том. 2001, 317 б.
180. Түркі тілдеріндегі өсімдік атаулары және олардың этимологиясы // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. А., «Ғылым», 2001. 342-347 б.
181. Мемлекеттік тілдің қазіргі күй-жайы // Қазақ тілі -мемлекеттік тіл. А., 2001. 3-7 б.
182. Қазақ терминдерін жасаудың кейбір мәселелері // Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Өскемен, 2001. 11-12 қазан. 65-68 б.
183. Қазақша термин жасау мәселелері // Қазақ мемлекеттік Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. А., 2001, №3. 49-52 б.
184. Қазақ филологиясы кафедрасының тарихы // Тіл әлемі. 2001, №31. 2 б.
185. Қазақ терминдерін жасау мен реттеудің және оны қалыптастырудың кейбір мәселелері // Терминология: теория және тәжірибе. Астана, 2001. 41-47 б.
186. Аспан денелері атауларының этнолингвистикалық сипаты (С.Сәрсенбаевамен бірге) // Тілтаным, 2001, №4. 36-39 б.
187. Қазақ тілі синтаксисі. Әдістемелік құрал. А., 2001. 10 б.
188. Қазақ тілі синтаксисі. Сырттай оқитын студенттерге арналған бақылау-пысықтау жаттығулары (Басқалармен бірге). А., 2001. 36 б. = 2,30 б.т.

189. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Өңделіп, толықтырылып 4-ші басылуы (Құрастырушылардың бірі). А., 2001. = 6,80 б.т.
190. Названия растений и термины // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. Ч.1. А., 2001. С. 358-362.

191. Біз -Таушелектенбіз. А., 2001. 288 б. = 19,00 б.т.

2002

191. Тартады аққу көкке, шортан көлге (Қазақша термин қалыптастыру мәселесі жайында) // Егемен Қазақстан. 2002, 16 ақпан. 5-б.
192. Зат есім // Қазақстан: Ұлттық Энциклопедия. А., 2002. 4 том. 174-б.
193. Қазақ тілінен әдістемелік ұстаным (Басқалармен бірге). А., 2002. 32 б. = 2,00 б.т.
194. Мемлекеттік тіл мәселелері //Терминологиялық хабаршы. Астана, 2002. 36-42 б.
195. Халықаралық қатынас үшін де қажет // Ана тілі. 2002, 29 тамыз. 1-б.
196. Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің 4-басылымы жайында // Тілтаным. 2002, №3. 119-124 б.
197. Ерінбеген етікші болар, бірақ терминші болмас //Ана тілі. 2002, 29 тамыз. 10-б.
198. Мемлекеттік тіл және оның терминологиясы // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Астана 2002. 28-35 б.
199. Белгілі бір шығыс тіліне қосып, қазақ тілі мамандығын да алғың келе ме? // Тіл әлемі. 2002, 2-б.
200. Практикалық қазақ тілі пәнінің типтік бағдарламасы. Гуманитарлық университеттердің орыс бөлімдеріне арналған (Н.Мұхамадиевамен бірге). А., 2002, 16 б. = 1,00 б.т.
201. Қазақ терминдеріне қамқорлық қажет. Мемлекеттік терминологиялық комиссиясына ашық хат // Терминологиялық хабаршы. Астана. 2002, №2. 24-27 б. = 0,36 б.т.
202. Сөз мағыналарының негіздері. Оқу құралы. А., 2002. 110 б. = 8,00 б.т.
203. Методические рекомендации для аспирантов и соискателей (соавтор). А., 2002. 20 б. = 1,30 б.т.

204. Қызылбөрік Шағаман батыр шежіресі А., 2002. 56 б. =3,80 б.т.
205. Үзеңгілестерім менің. Естеліктер. А., 2002. 88 б. =5,60 б.т.

2003

206. С.Исаев және ғылыми стиль // Профессор С.М.Исаев және мерзімді баспасөз тілі. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. А., 2003. 10-15 б.
207. С.Исаев және прагматикалық тіл білімі // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. 1-кітап. А., 2003. 56-60 б.

208. «Қазіргі қазақ тілі» мен «Жалпы тіл білімі» пәндері бойынша тест. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған көмекші құрал. А., 2003. 56 б. = 3,50 б.т.
209. Тест керек пе? Керек болса, ол қандай болу керек? // Дарыниана. 2003, №1 (4). Ақпан. 3-б.
210. «Ана тіл» газетінің айтпағы не? (Басқалармен бірге) // Қазақ батыры. 2003, №5 (58). Мамыр. 15-б.
211. Жоспарлы мақтау. «Ана тілі» газетіндегі жалашыл мақалаға жауап (Басқалармен бірге) // Алтын орда. 2003, 18-24 шілде. 12-13 б.
212. Қазақ терминдері: кеше, бүгін және ертең // «Қазақ және орыс тілдерін жаңаша оқытудың проблемалары» атты ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. А., 2003. 9-12 б.
213. Жаңаша латын-қазақ әліпбиі // ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2003, №3. 3-6 б.
214. Қазақша термин қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі // Ана тілі. 2003, 18 желтоқсан. 6-б.
215. Қазақша термин жасау мәселесі және оны қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі // Қазақ терминологиясы және бұқаралық ақпарат құралдары. Астана, 2003. 33-41 б.
216. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5-том. А., 2003. 419-б.
217. Екі тілді терминологиялық сөздіктер керек пе? // Терминологиялық хабаршы. Астана, 2003, №4 (6). 26-27 б.
218. Сөздіктер // Қазақ мемлекеттік Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. А., 2003, №2. 39-43 б.
